

**ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ
ЕРЕЖЕСІ**

Қызметтік қолданысқа арналған басылым

Ақтөбе, 2023 ж.

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы А.С.Марат _____




БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің (бұдан әрі – Қ.Жұбанов атындағы АӨУ) Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітілген «____» _____ 2023 жыл

2 ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа



Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Бұл ережені «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен ЖІК төрағасы өзгертіп, толықтыра алады.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Жастар ісі жөніндегі комитет (бұдан әрі-ЖІК) - Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жастар іс-шараларымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі болып табылады;

1.2 ЖІК өз қызметінде «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Білім туралы» заңдарды, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құқықтық актілерін, университет Жарғысын, университет ректоры мен проректорларының бұйрықтарын негізге алады;

1.3 ЖІК-ін Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректордың келісімімен, Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығы бойынша қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын төраға басқарады;

1.4 ЖІК төрағасы ЖІК жұмысының нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болады.

2. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ЖІК құрамына мыналар кіреді:

- Университеттің ЖІК төрағасы;
- Студенттік Парламенттің төрағасы, студенттік сенаторлар және студенттік ұйымдардың өкілдері;
- Оқу топтарының старосталары;

3. ФУНКЦИЯЛАРЫ

ЖІК келесі негізгі функцияларды орындайды:

3.1 Университет жастары арасында жастар саясатын насихаттау және жүзеге асыру;

3.2 Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту жолында жан - жақты жағдай жасау;

3.3 Студенттерді әлеуметтік-құқықтық қолдау;

3.4 Басқарма Төрағасы-Ректорының жанындағы жастар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру.

4. ҚҰҚЫҚТАР

ЖІК-нің құқығы бар:

4.1 ЖІК отырыстарында Жастар кеңесі және университеттің студенттік қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің, Студенттік Парламенттің баяндамаларын тыңдауға;

4.2 Белгіленген тәртіпте Ғылыми кеңес жұмысына, отырыстарға, университеттің жастар мәселесіне арналған жиындарға қатысуға;

- 4.3 Кафедраларға, оқу бөлімдеріне және факультет декандарына қолжетімді, ЖІК функцияларына қатысты қажетті ақпаратты өз жұмысына пайдалануға;
- 4.4 Университет басшылығына ЖІК жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4.5 Студенттік сенаторлар мен клуб жетекшілерін жұмыстарын уақытынан кешіктіріп немесе дұрыс атқармағаны үшін орнынан босатуға;
- 4.5 Студенттік Парламент мүшелерінің жоспарларына өзгерту енгізуге;
- 4.6 Белсенді студенттерді жеңілдікке, «Үздік студент» төсбелгісіне және іс-сапарларға ұсынуға;
- 4.7 Студенттер үйі мен Жастар үйіне кезекшілік ұйымдастыруға және іс-шаралар жасауға.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЖІК міндеттері:

- 5.1 Университет жастары арасында Жастар саясатын насихаттау және іске асыру;
- 5.2 Комитет бөлімшелерінің активтерін тандау;
- 5.3 Студенттерді университеттің қоғамдық өмірінің әртүрлі салаларына белсенді қатысуға тарту, студенттік ұжымдарда шығармашылық және өзара көмек атмосферасын құру;
- 5.4 Жастардың бос уақытын мазмұнды өткізуге көмектесу, ұйымдастыру;
- 5.5 Университет көлемінде және факультетте мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу, студент жастардың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерімен, ғылым-мәдениет және өнер қызметкерлерімен кездесулері, сондай-ақ спорттық шаралары мен жарыстарына қатысу;
- 5.6 Жастар саясаты мәселелері мен студенттердің мәселелері бойынша конференциялар мен кездесулер ұйымдастыру;
- 5.7 Басқа жоғары оқу орындарымен, қалалық, облыстық және республикалық жастар ұйымдары мен бөлімдерімен белгіленген тәртіпте байланыс орнату;
- 5.8 Халықаралық ынтымақтастықты дамыту, конференцияларға қатысу;
- 5.9 Жастармен жұмыс жасаудың озық тәжірибесін үйрену, жинақтау және тарату;
- 5.10 Студенттер арасында қылмыстың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын жүргізу;
- 5.11 Әртүрлі мәдениеттерге құрметпен қарауды дамытуға және этностық қатынастарды нығайтуға іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 5.12 Студенттердің университетте, факультеттерде және академиялық топтарда оқу процесін ұйымдастыруға көмек көрсету, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуына ықпал ету;
- 5.13 Студент жастардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңында белгіленген құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету.

- 5.14 ЖІК-ке жүктелген қызметтер мен міндеттерді және ережеде көрсетілген жұмыстарды сапалы орындау;
- 5.15 Төрағалардың еңбек және атқарушылық тәртібіне және студенттер парламентінің мүшелері жұмыстарына қатысу;
- 5.16 ЖІК төрағасы мен мүшелерінің қызметтік этика нормаларын сақтау;
- 5.17 Университет жарғысында, қолданыстағы құқықтық актілерде және осы нормативтік құқықтық актілерде көзделген міндеттерді орындау.

6. БАСҚА ДА БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- 6.1 ЖІК Басқарма Төрағасы-Ректоры және Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, Әлеуметтік және жастар саясаты департаментінің барлық бұйрықтары мен нұсқауларын орындайды;
- 6.2 Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың барлық бұйрықтары мен нұсқауларын орындауға қабылдайды;
- 6.3 ЖІК өз қызметінде тікелей Әлеуметтік және жастар саясаты департамент директорына есеп береді және оның ауызша немесе жазбаша түрде берілген барлық нұсқауларын орындайды;
- 6.4 ЖІК функциялары мен міндеттеріне қатысты мәселелер бойынша университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынас жасайды;
- 6.5 Факультеттердің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарларымен тығыз байланыс жасайды.


КЕЛІСІЛДІ:

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры



Қартжан Н.Е.

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор



Муханбеткалиев Е.Е.